

ҚАРАЛДЫ
РАССМОТРЕНО
ӘБ отырысында
Хаттама № 1
на заседании МО
№ протокола 1
Хуат А.
«27» тамыз 2021 жыл

КЕЛІСІЛГЕН
СОГЛАСОВАНО
Директордың ОТЖ орынбасары
Зам.директора по УВР
Г. Калемшарав
«28» тамыз 2021 жыл

БЕКІТЕМІН
УТВЕРЖДАЮ
Мектеп директоры
Директор школы
А.О.Конкыбаева
«28» тамыз 2021 жыл



Вариативтік компонент

МАД: 0“А”

Мұғалімі: Бодаубай Жанилыс

Логика

Түсінік хат

Мектепалды даярлық тобының тәрбие және білім берудегі басты мақсатының бірі – оқыта және дамыта отырып, балаларды өз бетінше оқып, білім алуға үйрету. Тек өздігінен оқи, жаза алғанда ғана бала білімді мақсатты және нәтижелі түрде игеретіні анық. Ал өздігінен жұмыс істеу бала бойында оқу еңбегінің дағдысы мен икемділіктің қалыптасуын қажет етеді. Бала ақпаратты қабылдап қана қоймай, оны меңгеру технологиясын да үйренуі үшін оқу процесін қалай ұйымдастыру керек? Бұл орайда «Логика. Ойнайықта ойлайық» атты дамыту курсының тигізер көмегі зор.

Бұл курс мынадай міндеттерді басшылыққа алады:

1. Баланың оқу іс-әрекетіне деген қызығушылығын арттыру;
2. Бағдарламаның көздеген мақсатына жету үшін өз бетінше іздену әрекеттерін қалыптастыру;
3. Негізгі ойлау операцияларын саналы түрде қолдана білуге үйрету. Яғни, ақпаратты сауатты қолдана білуін қалыптастыру;
4. Қиялдар, елестету және шығармашылық ойлауын дамыту;
5. Өз пікірін айту және оны дәлелдеу, дұрыс сөйлеуге дағдыларын қалыптастыру;
6. Алған білімдерін күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету және тәрбиелеу.

Логика оқу іс-әрекетінің ерекшелігі – негізгі оқулықтан тыс тапсырма берілетіндігінде. Сондықтан оқу іс-әрекеті ойын түрінде жүргізіледі. Танымдық қабілетті балалардың өздерінің икемі мен мінез-құлқына сай дамыту көзделеді. «Логика» курсының негізгі мақсаттарының бірі – «Әрдайым өзің үшін еңбектен!» дегенді баланың санасына сіңіру.

Логика оқу іс-әрекетіне ұсынылатын ойындар мен жаттығулар танымдық, тәрбиелік және дамыту мақсатын көздейді.

Танымдық

Есте сақтау түрлерін, қиял мен зейінді қалыптастыру және дамыту. Жалпы оқу икемі мен дағдыны (өздігінен оқулықпен жұмыс істеуін, бақылай білуін және жұмысын бағалай білуін) қалыптастыру және дамыту. Жаңа шешімдерді іздеу және қажетті нәтижеге жетудің ерекше тәсілдерін табу.

Тәрбиелік

Қоршаған ортаға оң көзқараспен қарауына ықпал етіп, қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу.

Дамыту

Сөздермен, сөз тіркестерімен және сөйлеммен жұмыс істеу барысында тілді дамыту. Ойлау мен тіл бір-бірімен тығыз байланысты. Олар бірге пайда болды және бірге дамиды.

Оқу әдістемелік кешен:

- «Логика» Н.Н.Амирова Алматыкітап баспасы 2014

Логика
(Варативті компонент)
Тақырыптық күнтізбелік жоспары

Аптасына – 1 сағат
Барлығы - 32 сағат

№	Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны	Мерзімі
1	Менің отбасым	Балалар өз отбасымен таныстыру.	1	07.09.2021
2	Дұрысын тап	Балалардың ойлау қабілетін дамыту.	1	14.09.2021
3	Жолын тап	Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту.	1	21.09.2021
4	Кім шапшаң?	Шапшаң қозғалыс арқылы балалардың қызығушылығын ояту.	1	28.09.2021
5	Кім тапқыр	Бір-бірімен ауызбіршілігін дамыту арқылы адалдыққа тәрбиелеу.	1	05.10.2021
6	Суретші кім?	Қол моторикасын дамыту.	1	12.10.2021
7	Бірдей қуыршақты тап	Мидың белсенді жұмыс істеуін, есте сақтау қабілетін дамыту.	1	19.10.2021
8	Мамандықтар	Мамандықтармен таныстыру.	1	26.10.2021
9	Дұрысын жапсыр	Қолының икемділігін қадағалау.	1	09.11.2021
10	Айырмашылықтарын тап	Шапшаңдығын бақылау	1	16.11.2021
11	Ғажайып жұмбақтар	Ойын, зейінін тиянақтау.	1	23.11.2021
12	Дұрысын қорша	Ойлау қабілетін, дұрыс жасауын дағдыландыру.	1	30.11.2021
13	«Ойлан, тап»	Ойын, зейінін тиянақтау.	1	07.12.2021
14	Үлгіге қарап боя	Шапшаңдығын бақылау	1	14.12.2021
15	Үйін тап	Шапшаң қозғалыс арқылы балалардың қызығушылығын ояту.	1	21.12.2021
16	Ақ тиын	Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту.	1	28.12.2021
17	Артығын тап	Ойын, зейінін тиянақтау	1	18.01.2022
18	Суреттерді жетістір	Қолының икемділігін қадағалау.	1	25.01.2022

19	Айгерімге көмектес	Балалардың ойлау қабілетін дамыту.	1	01.02.2022
20	Қайда мекендейді?	Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту.	1	15.02.2022
21	Ойнайық та, ойлайық	Шапшаң қозғалыс арқылы балалардың қызығушылығын ояту.	1	22.02.2022
22	Қайсысы артық?	Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту.	1	01.03.2022
23	Бағытын тап	Ойлау қабілетін, дұрыс жасауын дағдыландыру.	1	15.03.2022
24	Жыланнан сақтан	Ойын, зейінін тиянақтау.	1	05.04.2022
25	Жануарларды ата	Шапшаңдығын бақылау	1	12.04.2022
26	Қыс қызығы тамаша	Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту.	1	19.04.2022
27	Қандай фигура	Шапшаң қозғалыс арқылы балалардың қызығушылығын ояту.	1	26.04.2022
28	Ертегіні тап	Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту.	1	03.05.2022
29	Суреттерді қос	Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту.	1	03.05.2022
30	Жалғастыр	Ойлау қабілетін, дұрыс жасауын дағдыландыру.	1	17.05.2022
31	Диалог құр	Ойын, зейінін тиянақтау.	1	17.05.2022
32	Фигураның суретін сал	Шапшаңдығын бақылау	1	24.05.2022
	Барлығы		32 сағат	

Күтілетін нәтиже:

- Логикалық ойлау қабілеттері дамиды, оқу іс-әрекетіне деген қызығушылығы артады;
- 5-6 жастағы – балалардың зейіні мен есте сақтау қабілеті дамиды;
- Балалар шыдамдылыққа, ұқыптылыққа үйренеді;
- Балалар белсенді жұмыс істеп, зерттеуге ұмтылады.

Ертегілер әлемі

ТҮСІНІК ХАТ

Мектепке дейінгі жасөспірім баланы тәрбиелеу мен дамыту ісіне байланысты мақсаттарды шешуде театр ерекше рөл атқарады. Балаларға театр, әртістік өнер, сахналау, қойылым, сахна туралы түсінік беріп қызығушылығын оятамыз. Көріністерді өзара сөйлесу дағдыларын дамыта отырып, бүлдіршіндердің тілді меңгеруіне деген сүйіспеншілікті арттырамыз. Театр әр балаға қуаныш, ұмтылмас әсер сыйлайды, оның көркемдік талғамын, еліктеуі мен қиялын дамытады. Әдетте адамның жеке басының қасиеттері бес жасқа дейін қалыптасады екен. Сондықтанда да баланың жан – жақты қалыптасуы үшін мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің бойына жақсы, жағымды қасиеттерді сіңіре білу керек. Бала әр нәрсеге құмар, қызыққыш, ол өзінің айналасында болып жатқан өзгерісті, тамаша құбылыстарды сезінуге тырысады. Оның жан–жақты дамып, жеке тұлға болып тәрбиеленуіне, тілінің дамуын театрландырылған ойындар арқылы жетілдіруге болады. Ал, театрландырылған ойындарды балалар қызықтап ойнайды. Театрландырылған ойындар ойын–қойылымдары болып саналады, бұл жерде балаларға арналған көркемдік шығармаларды сахналық қойылымдарға айналдырып, оларды кейіпкер ретінде қатыстырудың маңызы зор. Баланы сахнада кейіпкер ретінде ойната отырып, оның жеке тұлғасын жан-жақты дамыту. Оның бойында әдебиетке, мәдениетке, өнерге деген құштарлықты ояту. Бүлдіршіндер сахнада шағын рөлдерде ойнау арқылы байланыстыра сөйлеуге, әдемі киініп, жинақы жүруге, үлкендермен және өзге де балалармен тіл табыса білуге үйренеді. Жетілген диалог балалардың өз пікірін жеткізе білуге жетелейді.

Театрландырылған ойындар балалардың ой-өрісін кеңейтеді, балаларды әңгімеге араласуға, спектакль туралы ата-аналарына, жолдастарына әңгімелеп беруге итермелейді. Бұның бәрі сөйлеу қабілетінің дамуына, диалог түрінде сөйлеуге өзі алған әсерін монолог түрінде сөйлеп жеткізуге септігін тигізеді.

Әр баланы жеке тұлға ретінде, оның шығармашылық әлеуметін, қабілеттілігімен қызығушылықтарын дамыту мақсатында құрылған перспективтік жоспар 3-4 жасар балаларға арналған. Оқу жылына 36 сағат жоспарланған, аптасына 1 ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті өткізіледі, бағдарлама 9 бөлімнен құрастырылған. Бұл бағдарламаның негізін құрайтын халық ауыз әдебиетінің түрі – ертегілер.

Ертегі – ауыз әдебиетінің ықылым заманынан келе жатқан көне де мол мұрасы. Оның ертегі деп аталуының өзінен де, сол сияқты ертегілердің «Бұрынғы өткен заманда, ерте-ерте деп» басталуынан да оның атам заман туындысы екенін аңғару қиын емес. Ертегілерде халық басынан кешкен, ғасырлар жыры жатыр. Оларда еңбекші халықтың тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, елдік тарихы, қилы-қилы қиын асулары, халықтың арман-мұраты бейнеленген. Барлық елдің ауыз әдебиетінен мол орын алған және халықтың

жазу-сызу өнері болмаған кезінде ауызша шығарған күрделі шығармасының бір түрі. Ертегілер көбінесе, қара сөз ретінде айтылатындықтан, оны халықтың ерте заманда шығарған көркем әңгімесін деп қараймыз. Өртүрлі ертегілер балалардың қызығушылықтарын арттырады және олардың тілдерін дамытады.

Театрлық іс-әрекетте ертегілерді пайдалана отырып баланың ой-өрісін дамыту, сонымен бірге тыңдай білуге, есте сақтау, түсіну, рөлге бөліп, қазақша әдемі сөйлей білу мәнерін арттырамыз.

Балалар театрының бірнеше түрлері бар:

Ойыншықтар театры – ең көп тараған түрі, бұнда балалар қысқа тақпақтарды жаттап, оның өзіне тән орындау кезінен бастап-ақ кішкене көлемді спектакельдер ойнайды. Ондағы адамдар рөлін ойыншықтар орындайды. Жіптің көмегімен бақарылатын қуыршақтарды – марионеткалар дейді. Оларды әр түрлі материалдардан жасайды. Жұмсақ ойыншықтарды да қолдануға болады. Мұндай ойыншықтар қозғалысқа ағаш таяқшалар арқылы келтіріледі, яғни екі айқастырылған ағаш арқылы жіп өткізіліп ойыншыққа байланады. Қолмен қуыршақтарды басқарады. Театр қуыршағының биіктігі баланың биіктігігіндей болады. Бала өзіне костюм, үлкен бетперде. Үлкен алақандар киеді, олар тірі қуыршаққа ұқсайды. Өздері қуыршақты жасауға болады. Оның негізі болып үш бұрышты орамалды алуға болады. Бір бұрышын қуыршақтың басына, екі бұрыштарын резинка арқылы баланың саусақтарына бекітіледі. Қуыршақтың басына тесмалар қосады, ол қуыршақ пен жүргізушінің мойнына ілінеді. Бұл қуыршақтар балаларға әнмен, бимен, ойынмен көрсету арқылы шығармашылықтарын дамытады. Бұл балалардың өздерін еркін сезінуіне, өз күшіне сене білуге көмектеседі.

Саусақ театрында – саусақтардың көмегімен қандайда болмасын ертегіні немесе өлең-тақпақ шумағын саханалау болып табылады. Саусақ театры арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады және шығармашылық әрекетіне жол ашылады. Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан-жануарларды, құстарды және ағаштарды бейнелей алады. Саусақтарының қозғалыс қимылына қарап, бала қуанады шаттанады, сөз айтуға тырысады және өлеңде үйренген сөз шумақтарын қайталап айта отырып, есінде сақтайтын болады. Сонымен қатар балалар екі қолын қимылдата отырып, оң – солды ажыратады.

Үстел үстіндегі театры – сәбилер тобынан бастап-ақ тақпақ пен қысқа өлеңдерді айтқызығанда көркем сөздер әсерлі естілу үшін стол үстіндегі театрды қолданған жөн. Мұнда үстелде құламай тұратын және қозғалтқанда еш кедергісіз жүретін ойыншықтар қолданылады.

Үстел үстіндегі қуыршақтар театрының бірнеше түрі бар:

- әр түрлі биіктегі конустан, цилиндрдан, қораптардан жасалған ойыншықтар;
- таяқшадан жасалған театр;
- «киндер - театры»;
- магнит театры;
- «мочалка театры»;
- үстел үстіндегі кейіпкерді тоқымадан немесе крючокпен тоқуға болады (олар өздерінің формасын ұстағандай пластмас бутылкаларға кигізіп қояды);

- ағаш ойыншықтар, саздан жасалған ойыншықтар (дымковски ойыншықтар). Суреттер (картиналар) театры – декорация мен кейіпкердің – суреттері. Олардың әрекеттері шектелген. Ойнаушының дауыс ырғағы (интонация) арқылы кейіпкердің мінез-құлқы беріледі. Кейіпкер әрекет барысында пайда болады, балалардың қызығушылығын арттырады.

Фланелеграф театры – суреттер мен кейіпкерлер экранда көрсетіледі. Оларды фланельдер ұстап тұрады. Мұндағы суреттерді балалар мен бірге ескі кітаптардан, журналдардан қиып алуға болады.

Көлеңкелі театр – жарық өте жақсы түскен экранда адамдар, жануарлар және құстардың пішіндерінің қозғалысына қарауды балалар өте жақсы көреді. Ертегі, әңгіме, өлең, әндерді көлеңке театры арқылы айтуға болады. Көлеңке театрының қойлымын көрсетуге үш тәрбиеші қатысады. Біреуі мазмұнын оқиды, екеуі көріністі көрсетеді. Көлеңке театрының сақанасы экран болады. Экранды ағаштан немесе қалың кардоннан жасайды, ою-өрнекпен өрнектейді. Кейіпкерлерді көрсету үшін – оны экранның арт жағынан ұстайды. Кейіпкерлерді қара түспен жуқа кардоннан жасайды, жіп арқылы қозғалтады. Кейіпкерлерді көрсеткенде қол көрінбеу керек. Бұл көріністер балалардың шығармашылықтарын арттырады, ой өрістері дамытады.

Мақсаты:

- Мектепке дейінгі жасындағы баланы театр түрлері арқылы шығармашылық және парасаттылық қабілеттерін жан-жақты дамыту.
- Балалардың сөздік қорларын байытып, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге тәрбиелеу.
- Театрлық іс – әрекетті, ертегілерді пайдалана отырып – ойын дамыту.

Міндеттері:

- Балалардың тілін, сөйлеу мәдениеті мен ой - өрісін, дүниетанымын дамыту.
- Балаларды адамгершілікке баулу, нақты сөйлеуге, салмақты ой айтуға баулу.
- Баланың қиялын есте сақтауын, шығармашылық қабілетін дамыту, ойдан әңгіме, ертегі шығарып айтуға дағдыландыру.
- Баланың әлеуметтік және эмоционалдық дамуына жағдай жасап, әр баланың жеке дара әртістік, шығармашылық қасиеттерін ескере отырып, өзін қоршаған ортаға,

адамдарға, құрбыларына, өзіне деген қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

- Театр, оның түрлері туралы түсініктері болады.
- Қазақ тіліндегі сөздік қоры молаяды.
- Диалог бойынша сөйлесу арқылы тіл мәдениетін жетілдіріледі.

Ертегілер әлемі
(Варативті компонент)
Тақырыптық күнтізбелік жоспары

№	Тақырыбы	Мақсаты	Көрнекілік- құралдар	Саны	
1	«Бауырсақ» ертегісі	Ертегіні еске түсіру арқылы балалардың тілдерін дамыту.	Фланелеграф, конус театры, қуыршақ театры, орамал, тақия, кейіпкерлердің атрибуттары	1	02.09. 2021
2	«Бұл бауырсақ - кішкентай қу аң»	Ойын арқылы кейіпкерлердің рөлін таңдай отырып, балалардың қызығушылықтарын арттыру.		1	09.09. 2021
3	«Бауырсақ, бауырсақ мен сені жеймін...»	Тілдерін жаттықтыру.		1	16.09. 2021
4	«Бауырсақ» ертегісінің қойылымы	Балалардың ойын тиянақтау және өнерлерін іске асыру.		1	23.09. 2021
5	«Шалқан» ертегісі	Ертегіні еске түсіру арқылы балалардың тілдерін дамыту.	Фланелеграф, саусақ қуыршақ театры, үстел үстіндегі театр, кейіпкерлердің атрибуттары	1	30.09. 2021
6	«Ата мен әжемде қонақта болғанда»	Шалқанды отырғызу кезінде айтылатын өлең шумағы арқылы балалардың тілдерін байыту және білімдерін кеңейту.		1	07.10. 2021

7	«Осындай үлкен шалқан...»	Белсенді балаларды кейіпкерлердің рөлдерін эмоция арқылы көрсете білуге үйрету.		1 14.10. 2021
8	«Шалқан» ертегісін сахналау	Кейіпкерлердің рөлін атқара білуге дағдыландыру.		1 21.10. 2021
9	«Үш аю» ертегісі	Ертегіні еске түсіру арқылы балалардың тілдерін дамыту.		1 28.10. 2021
10	«Қане досым, сөзге қосыл»	Ойын арқылы кейіпкерлердің рөлін таңдай отырып, балалардың қызығушылықтарын арттыру.	Сюжетті суреттер, қуыршақ театры, тақия, кейіпкерлердің атрибуттары	1 11.11. 2021
11	«Үшаюда қонақта»	Тілдерін жаттықтыру.		1 18.11. 2021
12	«Үш аю»	Балалардың ойын тиянақтау және өнерлерін іске асыру, ертегіні сахналау.		1 25.11. 2021

13	«Үйшік» ертегісі	Ертегіні еске түсіру арқылы балалардың тілдерін дамыту.	Фланелеграф, қуыршақ театры, кейіпкерлердің атрибуттары	1	02.12.2021
14	«Үйшік» ертегісі	Балалардың тілдерін байыту және білімдерін кеңейту.		1	09.12.2021
15	«Қәне досым, сөзге қосыл»	Белсенді балаларды кейіпкерлердің рөлдерін эмоция арқылы көрсете білуге үйрету.		1	23.12.2021
16	«Көз көруге тоймайды, құлақ естуге жалықпайды»	Кейіпкерлердің рөлін атқара білуге дағдыландыру, ертегіні сахналау.		1	20.01.2022
17	«Түлкі мен қояндар» ертегісі	Балаларды ертегінің мазмұнымен таныстыру.	Конус театры, қуыршақ театры, кейіпкерлердің атрибуттары.	1	27.01.2022
18	«Түлкі, түлкі, түлкішек»	Қимылды ойындар арқылы кейіпкерлердің рөлін айтып, белсенді балаларды таңдай отырып, қызығушылығын арттыру.		1	03.02.2022
19	«Қу түлкі мен қорқақ қояндар»	Ертегідегі қоян мен түлкінің сөздерін балаларға үйрету. Түлкі мен қояндар арасындағы диалог.		1	17.02.2022
20	«Түлкі мен қояндар»	Балалардың рөлді дұрыс ойнай білуін және сөздердегі әр дыбыстарды анық айтуларын		1	24.02.2022

		қадағалау.Ертегіні сахналау.			
21	«Қоянның үйшігі» ертегісі	Ертегі мазмұнымен таныстырып, ертегіге деген қызығушылығын арттыру.	Фланелеграф, қуыршақ театры, кейіпкерлердің атрибуттары	1	03.03.2022
22	«Оқы да біл, ойна да күл»	Ойын арқылы балаларды рөлдерге бөлу, кейіпкерлердің сөздерін дұрыс айтуға үйрету.		1	10.03.2022
23	«Досы көпті жау алмайды, ақылы көпті дау алмайды»	Кейікерлердің сөздерін дұрыс айтуларын қадағалау және рөлдерін ретімен орындауға үйрету.		1	17.03.2022
24	«Көз көруге тоймайды, құлақ естуге жалықпайды»	Ертегінің мазмұны бойынша кейіпкерлердің іс – әрекетіне қарап, әсерлі көңіл- күйін білдіре отырып сезіне білуге үйрету. Ертегіні сахналау.		1	31.03.2022
25	«Жеті лақ және қасқыр» ертегісі.	Ертегінің мазмұнын еске түсіре отырып тілдік қорларын байыту.	Фланелеграф, қуыршақ театры, кейіпкерлердің атрибуттары		07.04.2022
26	«Лақтарым менің, лақтарым менің.....»	Ойын арқылы балаларды рөлдерге бөлу, кейіпкерлердің сөздерін дұрыс айтуға үйрету.		1	14.04.2022
27	«Алақай, алақай! Анамыз келді, бізге, сүт әкелді»	Ертегіге деген қызылушылықтарын арттыру.		1	21.04.2022
28	«Жеті лақ және қасқыр» ертегісі	Әр баланың өз рөлін дұрыс орындауын қадағалау.Ертегіні сахналау.		1	28.04.2022

29	«Алтын айдарлы әтеш» ертегісі	Ертегінің мазмұнымен таныстыру.	Фланелеграф, кейіпкерлердің атрибуттары	1	05.05.2022
30	«Жібек сақалы бар, майға батырып алған басы бар»	Кейіпкерлердің рөлдерін бере отырып, балаларға сөздері мен қимыл – қозғалыстарын үйрету.		1	12.05.2022
31	«Сымбатты әтеш»	Балаларды ертегіні диалог бойынша орындауға үйрету.		1	19.05.2022
32	«Алтын айдарлы әтеш» ертегісі	Ертегідегі кейіпкерлердің рөлін дұрыс орындауларын қадағалау, сахналау.		1	19.05.2022

Қызықты математика

Түсінік хат

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына (2016 жылғы 13 мамырдағы №292 ҚР Үкіметінің қаулысы), Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына (ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 маусымдағы №391 бұйрығына 1-қосымша) сәйкес жалпы білім беретін мектептердегі мектепалды даярлық сыныбына берілген 4 сағат вариативтік компонентті жүзеге асыру бағытында 1 сағаты А.Аменованың «Логика» мектепалды даярлық тобына арналған әдістемелік құралы негізінде жоспарланды. (АӘК сараптама кеңесі, 21.02.2017 ж №2 хаттама)

Мақсаты:

- Математикалық байланыстар мен байланыстылық туралы түсінік қалыптастыру.
- Балаларды көрнекті-бейнелі ойлауын жаңа деңгейге көтеруге, олардың жалпы ойлау қызметін дамыту.
- Көзбен көріп, іштей есептеуге үйренеді, олардың көз мөлшер, пішінді шамалау жылдамдығын арттыру.

Міндеттері:

- Меңгерулеріне лайықты жаттығулар, өздігінен орындайтын тапсырмалар, практикалық жұмыстар, логикалық ойын дамытатын, баланы жазуға жаттықтыратын, шығармашылық қабілетін оятып, пәнге қызығушылығын арттыратын жаттығулар жүйесі алма-кезек, әр түрлі деңгейде беріліп жүзеге асырылып отырылады.

Күтілетін нәтиже:

• Заттардың қасиеттері туралы түсініктері қалыптасады. Балалар заттарды салыстыра біледі. Реттік және есептік санауды жаттығады. Заттардың өлшем, материал секілді қасиеттерімен танысады. Заттардың үлкен және кіші санын анықтайды.

Заттарды топқа бөліп үйренеді. Ұқыпты жұмыс істеуге дағдыланады. Ойлау қабілеттері дамиды. Ой-қиялы, шығармашылығы дамиды.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің жалпы көлемі – **1 сағат**.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің ұзақтығы **25-30 минут**

**Қызықты математика
(Варативті компонент)
Тақырыптық күнтізбелік жоспары**

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағ\саны	Мерзімі
1	Заттар белгілері(түсі, пішіні, өлшемі, қызметі, материалы)	Заттардың белгілерін анықтау іскерлігін тексеру;	1	06.09.2021
2	Бірдей. Әртүрлі. Заттарды әртүрлі белгілер бойынша салыстыру. Геометриялық фигуралар туралы жалпы түсініктер (шеңбер, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тікбұрыш)	Заттарды әртүрлі белгілері бойынша салыстыру, олардың қасиеттері мен айырмашылықтарын «бірдей», «әртүрлі» деген сөздерді қолдана отырып табу іскерлігін қалыптастыру;	1	13.09.2021
3	Заттардың белгілерінің өзгеруі.	Заттардың өзгерістерін көру және өзгерістердің қандай белгілер бойынша орын алғанын анықтау іскерлігін қалыптастыру:	1	20.09.2021
4	Заттарды топқа біріктіру.	Заттарды топтарға біріктіру, оларды топтарға бөлу және берілген белгілері бойынша заттарды топтан ажырату іскерлігін қалыптастыру.	1	27.09.2021
5	Сол жақтан – оң жақтан.	Оң қол мен сол қолды ажырату іскерлігін дамыту.	1	04.10.2021
6	Уақыт реттілігін анықтау.	Уақыттық түсініктерді дамыту: оқиғалардың реттілігін анықтау іскерлігін қалыптастыру.	1	11.10.2021
7	Уақытта бағдарлау : тәулік (таң, күн, кеш, түн), апта күндері. Күн режимі.	Тәулік бөліктері мен апта күндерін, күн режимі мен оны сақтау қажеттілігі түсініктерін қалыптастыру.	1	18.10.2021

8	Уақытты бағдарлау: айлар, жыл мезгілдері, жыл.	Жыл мезгілдерін, айларды ретімен атау іскерлігін дамыту.	1	25.10.2021
9	Сызықтар. Түзу. Қисық сызық. Тұйық сызық. Тұйықталмаған сызық.	Сызықтарды қоршаған ортадан табу іскерлігін қалыптастыру.	1	08.11.2021
10	Нүкте. Сәуле. Бұрыш. Кесінді.	«нүкте», «сәуле», «бұрыш», «кесінді» түсініктерін қалыптастыру.	1	15.11.2021
11	Бір. Көп. Саны мен цифры. Жол. Баған.	Жиынтықтан жекеленген заттарды бөліп алу іскерлігін дамыту	1	22.11.2021
12	Бір. Көп. Саны мен цифры. Жол. Баған.	Жиынтықтан жекеленген заттарды бөліп алу іскерлігін дамыту	1	29.11.2021
13	2 саны мен цифры.	2 санымен және цифрымен таныстыру.	1	06.12.2021
14	3 саны мен цифры.	3 санымен және цифрымен таныстыру.	1	13.12.2021
15	4 саны мен цифры.	4 санымен және цифрымен таныстыру.	1	20.12.2021
16	Сандарды салыстыру.	Заттар жиынтықтары мен сандарды «», «=» белгілерінің көмегімен салыстыру іскерлігін қалыптастыру.	1	27.12.2021
17	Қосу. «+» белгісі.	«+» белгісімен таныстыру.	1	17.01.2022
18	Азайту. «-» белгісі.	«-» азайту белгісімен таныстыру.	1	24.01.2022
19	5 саны мен цифры.	5 санымен және цифрымен таныстыру.	1	31.01.2022
20	1-5 сандары.	5-тің көлемінде есептеу дағдыларын қалыптастыру.	1	14.02.2022
21	6 саны мен цифры.	6 санымен және цифрымен таныстыру.	1	21.02.2022
22	7 саны мен цифры.	7 санымен және цифрымен таныстыру.	1	28.02.2022

23	8 саны мен цифры.	8 санымен және цифрымен таныстыру.	1	05.03.2022
24	9 саны мен цифры.	9 санымен және цифрымен таныстыру.	1	14.03.2022
25	9 саны мен цифры.	9 санымен және цифрымен таныстыру.	1	04.04.2022
26	0 саны мен цифры.	0 санымен және цифрымен, сандық қатардағы орнымен танысу.	1	11.04.2022
27	10 саны мен цифры.	10 санымен және цифрымен таныстыру.	1	18.04.2022
28	10 саны мен цифры.	10 санымен және цифрымен таныстыру.	1	25.04.2022
29	Теңгемен танысу.	Ұлттық валюта - теңге туралы жалпы мағлұ-мат беру. Балаларды түрлі монеталармен таныстыру.	1	16.05.2022
30	Сағат.	Уақытты сағат бойынша анықтау іскерлігін қалыптастыру.	1	16.05.2022
31-32	0-10 сандары.	Есептік және реттік санау дағдыларын бекіту.	2	23.05.2022
				23.05.2022

